

## Қамысты ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2016 жылғы 16 қарашадағы № 60 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 желтоқсанда № 6717 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2018 жылғы 1 тамыздағы № 187 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 01.08.2018 № 187 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қамысты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қамысты ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Б. Козлов*

*Қамысты аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*С. Қыстаубаева*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Қамысты ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ М. Манафов

2016 жылғы 16 қараша

Мәслихаттың  
2016 жылғы 16 қарашадағы  
№ 60 шешіміне қосымша

**Қамысты ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 29.03.2017 № 81 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық мөлшері, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,46
2	Интернаттар	1 орын	1,06
3	Қонақ үйлер	1 орын	1,45
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	1,37
5	Мекемелер, ұйымдар, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,61
6	Емханалар	1 адам	0,53
7	Ауруханалар	1 төсек-орын	1,9
8	Мектептер	1 оқушы	0,18
9	Дәмханалар	1 орын	1,35
10	Концерт залдары	1 орын	0,35
11	Мұражайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,14
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,02
13	Спорт залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,26
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,61
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м <sup>2</sup>	0,41
16	Өнеркәсіптік дүкендер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,52
17	Дүңгіршектер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,41
18	Азық-түлік тауарларының қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,17
19	Өнеркәсіптік тауарлардың қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,16
20	Вокзалдар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,32
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,16
22	Автожанармай құю станциялары	1 машина-орын	0,31
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	3,15
24	Шаштараздар	1 жұмыс орны	0,79
25	Тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,39

26	Аяқ киімді жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,3
27	Моншалар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	2,2

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»  
Министерства юстиции Республики Казахстан